

ISSN: 2958-5376
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL



УДК 069 (091)

МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІНІҢ ИНТЕРАКТИВТІ-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ҚОРЫ

Р.Е. Харипова

ҚР Мемлекеттік орталық музейі

Аңдатпа. Мақалада ҚР Мемлекеттік орталық музейінің (ҚР MOM) интерактивті-эксперименттік қорды құру тәжірибесі, оның негізін құрап тұрған қазақтың ерекше ұлттық аспабы – домбыра, оның ұрпақ тәрбиесінде алатын орны туралы айтылады. ҚР MOM интерактивті-эксперименттік қорын қалыптастыру үшін Қазақстан бойынша музейлер қорларында жинақталған домбыра нұсқалары, соның ішінде елімізді әлемдік деңгейде танытқан ұлы тұлғалардың домбыралары туралы мәліметтер жинақталды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің түсім кітаптары, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА) құжаттары, тақырып бойынша ғылыми әдебиет зерттеуге негізгі материалдар болды.

Мақалада әдістеме ретінде тарихилық принцип негізге алынды, жүйелеу, салыстыру әдістері қолданылды.

Тірек сөздер: музейтану, Орталық мемлекеттік музей, интерактивті-эксперименттік қор, музей заты, экспонат, экспозиция.

Сілтеме жасау үшін: Р.Е.Харипова. Мемлекеттік орталық музейінің интерактивті-эксперименттік қоры//MUSEUM.KZ. 2023. No 3 (3). 6-17 бб. DOI 10.59103/muzkz.2023.03.01

ИНТЕРАКТИВНО-ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНЫЙ ФОНД ЦЕНТРАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО МУЗЕЯ

Р.Е. Харипова

Центральный государственный музей РК

Аннотация. В статье рассматривается опыт создания интерактивно-экспериментального фонда Центрального государственного музея Республики Казахстан (ЦГМ РК), основу которого составил уникальный национальный инструмент казахов домбра. В целях формирования интерактивно-экспериментального фонда MOM РК была собрана информация о вариантах домбр, находящиеся в музеях Казахстана, в том числе о домбрах великих людей, прославивших нашу страну на мировом уровне.

Основными материалами для исследования послужили книги поступления Центрального государственного музея Республики Казахстан, документы Центрального государственного архива РК (ОМА РК), научная литература по теме.

В статье за основу методологии взят принцип историзма, использованы систематизация и сравнительно-сопоставительный метод.

Ключевые слова: музееведение, Центральный государственный музей, интерактивно-экспериментальный фонд, музейный фонд, коллекции, музейный предмет, экспонат, экспозиция.

Для цитирования: Р.Е.Харипова. Интерактивно-экспериментальный фонд центрального государственного музея//MUSEUM.KZ. 2023. No 3 (3). С. 6-17. DOI 10.59103/muzkz.2023.03.01

INTERACTIVE-EXPERIMENTAL FUND OF THE STATE CENTRAL MUSEUM

R.Y. Kharipova

Central State Museum of the Republic of Kazakhstan

Abstract. The article deals with the experience of creating an interactive and experimental background of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (CSM RoK), the basis of which was the unique kazakh national instrument dombra. In order to create an interactive-experimental background of the CSM of the Republic of Kazakhstan, information was collected about the variants of dombras located in the museums of Kazakhstan, including the dombras of great people who glorified our country at the world level.

Books from the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan, documents of the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSA RoK), scientific literature on the topic were used as the main materials for research.

In the article, the principle of historicism, the used systematization, and the comparative method are the basis of the methodology.

Keywords: museology, the Central State Museum, interactive-experimental fund, collections, museum object, exhibit, exposition.

For citation: R.Y. Kharipova. Interactive-experimental fund of the state central museum//MUSEUM.KZ. 2023. No 3 (3). p.p. 6-17. DOI 10.59103/muzkz.2023.03.01

XIX ғасырдың 30-жылдары әскери губернатор, граф П.П. Сухтеленнің (1830 ж.) Орынбор кадет корпусы жанынан музей құру туралы үндеуі негізінде қалыптасқан еліміздің ірі және жетекші мәдениет ошағының бірі ҚР Мемлекеттік орталық музейі бүгінгі күні заман талаптарына сәйкес елге өз қызметін көрсетіп жатыр (Музей тарихы бойынша қ.: [MUSEUM.KZ, 2023: 9-24]). Музейдің ғылыми, экспозициялық қорлары үнемі толықтырылуда, қорлардағы материалдарды зерттеу және насихаттау жұмыстары жалғасуда. Ғылыми қорындағы заттардың құндылығы бойынша музейдің Орталық Азияда ғана емес әлемдік мәдениет мекемелері арасында өз орны бар.

Қазіргі уақытта музейлер жұмысына қатысты түрлі пікірлер бер екені белгілі. Қарапайым халықта негізінен музей – ел қолданған заттарды жинақтап, әйнектің арғы бетінде сақтаумен ғана айналысатын мәдениет ошағы деген пікір қалыптасқан. Сондықтан ақпараттық технологиялардың дамыған заманында жас ұрпақты, тіпті орта жастағы музей көрермендерін витриналарда орналасқан музейлік заттармен қызықтыру немесе ұлттық мұраға деген құрметті қалыптастыру үшін музейлердің жұмысын жаңаша заманауи көзқараспен ұйымдастыру уақыт талабы екені анық.

Мақалада ҚР Мемлекеттік орталық музейінің интерактивті-эксперименттік қорды құру тәжірибесі, оның негізін құрап тұрған қазақтың ұлттық мұрасы, ерекше ұлттық аспабы домбыра туралы, оның ұрпақ тәрбиесінде алатын орны жайында айтылады. Музей көрермендерінің сұранысын қанағаттандыру мақсатында олардың арасында сауалнамалар жүргізілді. Олардың музейдегі заттарды ұстап көрсек деген ойы интерактивті-эксперименттік қорды құру жұмысына арқау болды. Қорды қалыптастырудағы негізгі мақсаттарының бірі осы домбыра аспабының ерекшелігі мен оны жасаушы қолөнер шеберлерінің сан ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жеткен байланысты насихаттау арқылы қолөнер шеберлерінің шығармашылығын шыңдау болатын. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін Орталық музей мамандары жаңа интерактивті-эксперименттік қорды қалыптастыруды қолға алды.

«Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары» кітабында музыкалық аспаптарды, соның ішінде домбыраның археологиялық, этнографиялық ерекшеліктері, оларды жасауда қолданылатын ағаш түрлері, домбыра жасаушы шеберлердің жұмыс үстелінен бастап, құрал саймандарын жан-жақты сипаттаған З.С. Жәкішева, домбыраның өзге ұлттық аспаптардан ерекшелігіне тоқтала, «Домбыра басқа аспаптарға қарағанда бақсы ойыны, дуаналық, балгерлік, емшілік секілді діни-ғұрыптық салттарда қолданылмайды», – деп жазған [Жәкішева, 2009: 114].

Орталық музей ұжымы дайындаған «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедияда домбыраның шығу тарихы, құрылысы, осы музей қорындағы Абайдың жары Ділдәнің, Академик Қ.И. Сәтбаевтың, Жаяу

Мұсаның, Өзбекәлі Жәнібековтің домбыралары мен қалақша домбыра, қауақ домбыра түрлері туралы кеңінен сипатталған. Сонымен қатар, осы еңбекте «Бақсылар ауруды емдер алдында қобызбен немесе домбырамен сарын айтып, жын шақыратын. Торғай өңіріндегі Талабай Қоскелдин деген бақсының домбырамен сүйемелдеп сарын айтып, адам емдегені туралы деректер бар (қ. Бақсы). Дегенмен, домбыраны бақсы ойындарына қолдану өте сирек кездесетін», – деген пікір келтіріледі [Қазақтың ..., 2017: 72].

Белгілі этнограф Тәттігүл Қартаеваның да домбыраның қасиеті, оның қолданылуы туралы пікірі құнды. Ғалым «Бақсылар қандай ауруды емдеу алдында қобыз, аса, домбыра сияқты аспаптармен сарынын айта отырып аруақтарға сыйынған» дей келе, көп жағдайда бұл мақсатта домбырадан гөрі қобыздың көбірек қолданылатындығы туралы жазады [Қартаева, 2022].

ҚР MOM интерактивті-эксперименттік қорын қалыптастыру үшін Қазақстан бойынша музейлер қорларында жинақталған домбыра нұсқалары, соның ішінде елімізді әлемдік деңгейде танытқан ұлы тұлғалардың домбыралары туралы мәліметтер жинақталды.

Бірінші кезекте Орталық музей қорындағы ұлттық аспаптарға зерттеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде музей қорындағы ұлттық аспаптар коллекциясында 225 сақтам бірлік (КП 211 с.б., КПД 7 с.б., НВФ 6 с.б., В 1 с.б.) музейлік зат болса, оның ішінде ұлттық аспабымыз домбыраның саны 58 сақтам бірлікті (КП 50 с.б., КПД 4 с.б., НВФ 4 с.б.) құрайтындығы анықталды.

Орталық музей қорына ең бірінші қабылданған домбыраның ұзындығы 97 см, ені 16 см, ішегі сақталмаған. Оның қазіргі уақытта қолданыста жүрген домбыралардан айырмашылығы ортасындағы ойығы үш бұрышты болып келеді. Музейлік заттың қабылдау актісі сақталмауына байланысты домбыра музей қорына қашан, кімнен қабылданғандығы белгісіз (КП 1709).



Одан кейінгі домбыралар 1947 жылы 7 мамырда қолөнер шебері Қ. Қасымовтан 4500 рубльге сатып алынған (КП 2793, КП 2794). Музейдің түсім кітабында домбыралардың бірі күйшіге, ал екіншісі әншіге (сүйекпен, інжумен әрленген) арналғандығы жазылған [ҚР MOM, ТК, №2, 3, 5].

Орталық музейді 1942-1951 жылдары басқарған музей директоры Әбусағит Жиреншиннің бастамасымен 1947 жылы Семей, Қарағанды, Қостанай облыстарына ұйымдастырылған экспедициясы барысында қазақ халқының этнографиясына қатысты мол мұралармен қатар Әміре Қашаубаевтың Парижде өнер көрсеткен домбырасы (КП 5714), жеке заттары да Орталық музей қорына қабылданған [ҚР ОМА, 1308-қор, 1-тізбе, 6-іс: 25]. Болат Сарыбаев өзінің «Қазақтың музыкалық аспаптары» кітабында осы домбыраның жасалу тарихы туралы айта келіп, «Қазір ол домбыра ұлттық мәдениеттің асыл мұрасы саналады» деп жоғары баға береді [Сарыбаев, 1978].

Орталық музей қорындағы домбыралар коллекциясының қалыптасуына хронологиялық тұрғыда тоқталсақ, Әміре Қашаубаевтың домбырасынан кейін әнші-сазгер, ақын Жаяу Мұса (КП 9058), қазақтың тұңғыш саяхатшысы, саяси қайраткер Әліби Жангелдин (КП 9720/8), қазақ опера өнерінің негізін қалаушы, КСРО халық артисі Күләш Бәйсейітова (КП 9752/1а,б), ҚазақССР халық артисі, күйші, композитор, актер Манарбек Ержанов (10814/25 а,б), ҚазақССР халық артисі, актер Елубай Өмірзақов (КП 14210), Абай

Құнанбайұлының жары Ділде Алшынбайқызы (КП 15294), Алтынбек Қоразбаевтың әкесі Қоразбай Жаппарбайұлы (КП 23827/12), Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев (25513/1), ақын Қасым Аманжолов (КП 26842/1), әнші Мақпал Жүнісова (КП 25722/2), актер, опера әншісі Кәукен Кенжетаев (26944/18), Қазақстанның халық артисі Қайрат Байбосынов (КП 27218/3) және ақын Жұбан Молдағалиевтің «Орталық музейге таруым» деген қолтаңбасы жазылған (КП 13228/1) домбыралар қабылданғандығын көруге болады. Сонымен қатар, қорда мемлекет және қоғам қайраткерлері Академик Қ.И. Сәтбаевтың (КП 16730/1), ұлт жанашыры, этнограф Өзбекәлі Жәнібековтің (КП 26182/20), тарих ғылымдарының докторы Кемел Ақышевтің (26785/11) домбыралары жинақталған.

Домбыра жасаушы қолөнер шеберлері Қамар Қасымовтың (КП 2793, КП 2794, КП 10723, КП 10725, КП 13824, КПД 216/а,б), Нысанбай Жәлкей (КП 13825), Оразғазы Бейсенбаев (КП 14199, КП 14200, КП 14201, КП 14202 а,б,в) Үсен Сейдалиев (КП 23807), Б. Бөлтіріков, М. Бозымбаев (КП 24357), Мұратбек Жүнісбеков (КП 25885), Сапарбек Ділманов (КП 27135), Мұса Әділ (КП 27135), Абдықарым Есалиевтің (КПД 193) жасаған домбыраларының ерекшелігі бірі сүйекпен әрленсе, енді біріне күміс, шыны және т.б. материалдарды қолдана отырып жасаған. Бұл әрине әр шебердің шикізатпен жұмыс жасау техникасын жетік меңгергендігін байқатады [ҚР МОМ, ТК, №2, 3, 5].

ҚР МОМ интерактивті-эксперименттік қорын қалыптастыру үшін өзге мәдениет мекемелерінің музыкалық коллекцияларының қалыптасу тарихы да, тәжірибесі де зерттелді. Қазіргі уақытта ұлттық аспаптың мол мұрасы, әсіресе домбыра аспабы Ықылас атындағы Халық музыкалық аспаптар музейінің қорында жинақталғаны анықталды. Бұл музейдің, оның қорларының қалыптасуына Қазақстан басшылары Дінмұхамед Қонаев пен Өзбекәлі Жәнібековтің атқарған еңбектерін атап өткен жөн. Қазіргі уақытта музей қорында жәдігердің жалпы саны 1347 сақтам бірлік болса, домбыра аспабының саны 205 сақтам бірлік (2023 жылдың 8 айы бойынша) құрайды. Музей қорына алғашқы жәдігерлер Қазақ КСР Мәдениет министрінің орынбасары Өзбекәлі Жәнібековтің тың идеяларының арқасында түскендігі белгілі. Сол кісінің бастамасымен М.О. Әуезов атындағы Академиялық драма театрында, 1930-1950 жылдары Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрінің құрамында ойналған музыкалық аспаптар, Алматының ЖОО-да оқитын шетелдік студенттердің өз елдерінен алып келген музыкалық аспаптары музей қорына алынды [Ықылас...; uqlasmuseum.kz].

Ал Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі қорындағы домбыралар коллекциясының құрылуы мен домбыра түрлерінің сан алуандығы сол кездегі облыс әкімі Иманғали Тасмағамбетов пен музей директоры қызметін атқарған Нариман Үлкенбайұлының қасиетті қара домбыраға деген шексіз құрметінің жемісі. Үлкен саясаткер Иманғали Нұрғалиұлы қай салада қызмет атқарса да, елден жырақта жүрсе де, туып өскен өлексіндегі музей қорына домбыралар жинақтаудан еш тынбаған. Оның дәлелі ертеректе И. Тасмағамбетовтың бастамасымен 16 домбыра тапсырылса, 2023 жылы ол өзі музей қорына Сәкен Тұрысбеков (АОТӨМ НҚ 22506), Айгүл Үлкенбаева (АОТӨМ НҚ 22507), Асылбек Еңсеповтың (АОТӨМ НҚ 22508) домбыраларын әкеліп тапсырған. Атырау музейінің қорына алғаш 1975 жылы Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері Тыныбай Лекеровтың сырты сүйекпен және күміспен әшекейленген домбырасы (АОТӨМ НҚ 1892) қабылдан екен [Саз аспаптар ..., 2020]. Ал 2023 жылдың 8 айының есебі бойынша осы қорда 78 сақтам бірлік домбыра сақтаулы [Саз аспаптар, 2020; Атырау облысы..., 2023].

Қазақстан музейлері бойынша музейлік заттарды іздестіру-зерттеу жұмыстарының барысында Абай Құнанбайұлының үш шекті тұмар домбырасының түпнұсқасы Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығында, Кенен Әзірбаевтің домбырасы Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Кенен Әзірбаевтің әдеби-мемориалдық музейінде, Жамбыл Жабаевтың домбырасы Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Жамбыл Жабаевтың әдеби-мемориалдық музейінде сақталғандығы анықталды. Ал, Махамбет Өтемісұлы, Ақан сері Қорамсаұлы, Біржан сал Қожағұлұлы, Дина Нұрпейісова, Қазанғап Тілепбергенұлы, Сүгір Әлиұлы, Есбай Балұстаұлының домбыралары Ықылас атындағы Халық музыкалық аспаптар музейінің қорында сақталған екен. ҚР МОМ-нің

интерактивті-эксперименттік қорын қалыптастыру мақсатында ұлы тұлғалардың домбыраларының көшірмесін жасау үшін аталған музейлерге хаттар жолданып, көшірме жасауға жазбаша келісімдер алынды. Домбыраларды таңдау барысында аспаптың жасалған материалына және пішініне де аса мән берілді.

Музейдің интерактивті-эксперименттік қорын қалыптастыру жұмысшы тобының шешіміне сәйкес қорға қабылданатын домбыра түрлері мен домбыралардың көшірмелерін жасау үшін арнайы республикалық «Пернесінде сөйлейді Ұлы дала» байқауының ережесі бекітіліп, БАҚ-та жарияланды. Аса жауапкершілікті талап ететін байқауға қойылатын талаптар да ерекше болды. Оларға сәйкес, біріншіден, байқауға ұлттық саз аспаптарын жасайтын республикалық сайыстарда жүлделі I, II, III орын алған дарынды шеберлер ғана қатыстырылды. Екіншіден, домбыра үнінің таза, қоңыр, тембірі жұмсақ, құлаққа жағымды болуы, ішектің тербелісі жиі болуы, дыбысының неғұрлым алысқа жетуі, бет қақпағының жаңғырығы мол болуы, басы мен аяғы бірдей «сөйлеуі», бауыры жұмсақ, мойны ыңғайлы келуі, домбыраның сырт пішіні түпнұсқа жәдігермен сәйкес болуы міндеттелді. Үшіншіден, сайыс қорытындысы бойынша түпнұсқа жәдігердің көшірмесін мінсіз жасаған шеберлердің туындылары музей қорына тапсырылуы туралы шарт қойылды. Сол арқылы аспап және оны жасаушы шебердің шығармашылық жұмысы кең көлемде насихатталатындығы көрсетілді [Қосымша 1].

Қасиетті қара домбыраны жанына серік етіп қана қоймай, домбыра жасаудың қыр-сырын жетік меңгерген, әрі домбыра жасаушы көптеген шәкірт тәрбиелеген ұстаз, ұлттық музыкалық аспаптарды жасаушы шебер, Қазақстан қолөнершілер Одағының мүшесі Жолаушы Тұрдығұлов байқаудың тәуелсіз сарапшысы ретінде бекітілді. Ол сайыс қорытындысы бойынша жасалған домбыралардың ережеге сәйкес екендігіне баға беруде музей мамандарына қолдау білдірді.

Байқаудың қорытындысы бойынша жасалған домбыралар мен «Ортеке» аспабын Орталық музейдің қорына қабылданды. Ол туралы Қор-сатып алу (қор-іріктеу) комиссиясының 2023 жылдың 17 тамыздағы жиналысында №3 хаттама толтырылды. Қор-сатып алу комиссиясының 2023 жылдың 15 қыркүйектегі №1 заттарды тұрақты сақтауға қабылдау актісіне сәйкес музейлік мәні бар заттарға ЦМК ИЭФ номерлері берілді [Қосымша 2].



Кенен Әзірбаев домбырасының көшірмесі (домбыраның ұзындығы 86 см, мойын ұзындығы 44 см, шанағы 34 см, шанақ ені 18 см, шанақ қалыңдығы 4 см, домбыра шанағы 4x18x33,5 см. Шанағы жаңғақ, қақпағы қарағайдан жасалып сүйекпен, інжумен (перламутр) көркемделген. Басы 9 см бук ағашынан жасалған. Бас мойынында «Кененге» деген жазуы бар, бояуы қызыл қоңыр ЦМК ИЭФ 11).

Қазіргі уақытта ҚР MOM интерактивті-эксперименттік қорында 17 экспонат жинақталған, оның басым бөлігі (13 эксп.) қазақтың ұлы тұлғаларының домбыраларының көшірмелері. Сонымен қатар 2022 жылы ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраларының репрезентативті тізіміне енгізілген «Ортеке» аспабы интерактивті-эксперименттік қорға енгізілді. Бұл музей көрермендері арасында аталған ұлттық аспаптарға деген қызығушылықтарын арттыра түсті.



Ортеке домбырасымен (домбыра ұзындығы 99 см, мойын ұзындығы 48 см, шанағы 40,5 см, шанақ ені 23см, шанақ қалыңдығы 12 см, мойыны қарағай, қаптамасы қара граб, бас ағашы бук, шанағы бұйра қайың, бетағашы ангар қарағайы, ішегі нилон, бетіндегі ою сүйекпен әрленген, шпоны қара грабтан жасалған. Ортеке қойғышының үстіңгі диаметрі 110 см, асты 130 см, биіктігі 52 см, ағашы бук, қойғышы қошқар мүйіз өрнегімен әрленген, ортеке биіктігі 15 см, ұзындығы 9 см). (ЦМК ИЭФ 12/1,2,3).

Музей көрермендерінің арасында жүргізілген сауалнамаға сәйкес, олар домбыра аспабына сағаттап қызықтаған, олардың домбыра үйрену үйірмелеріне жазылуға деген құлшыныстары өскен.

Интерактивті-эксперименттік қор туралы қазаққа танымал дәстүрлі әнші Ерлан Төлеутай Біржан салдың домбырасында ән салып, «Сал-серілердің шығармашылығының бәрі осы домбырамен дүниеге келді. Домбыраны тартқан кезде сол заманға саяхат жасағандай боламыз. Үні неткен ғажап, себебі осы домбырада ата бабамыздың дүниетанымы, болмысы, дәстүрі, салты, жігері, мінезі сайрап жатыр. Сонымен қатар, олар өздерінің қуанышы мен қайғысын да осы домбырамен жеткізген. Сондықтан музей көрермендеріне ұлы тұлғалардың домбыраларында ойнау мүмкіндігін туғызғандарыңыз жас ұрпақтың бойында домбыра аспабына және онда ойнаған ұлы тұлғаларға деген құрмет қалыптасатындығы сөзсіз», – деп атап өтті.

Дәстүрлі ән өнерінің шебер орындаушысы, күйші Нұржан Жанпейісов та Орталық музейге арнайы келіп, осы қормен танысқан. Осыдан кейін ол «Мына залда Абай, Дина, Есбай домбыралары тұр. Қарасаңыз әрқайысының домбыралары әр түрлі. Өнерпаз үшін бір жақсы әсер қалдыратын, өнерпаз үшін шабыттандыратын кез деп ойлаймын. Осындай мүмкіндік жасап қойған Орталық музейге шексіз алғыс білдіреміз», деп өз ризашылығын білдірген [Қосымша 3].

Домбыра түрлерімен қатар ата бабадан жалғасып келе жатқан қолөнер шеберлерінің асқан шеберлігін заманауи шеберлер арасында қайта жаңғыртып, қолөнер шеберлерінің шығармашылық шабытына шабыт қосылары сөзсіз. Ұлы тұлғалардың домбыраларын жасаған шеберлерлердің аттарын да атап өткен дұрыс тәрізді. Олар:

1. Абай Құнанбайұлы – Төлеуғазы Әшіров;
2. Жамбыл Жабаев – Асима Иманғалиева;
3. Махамбет Өтемісұлы – Мейірбек Ділманов;
4. Құрманғазы Сағырбайұлы – Едіге Нәбиев;
5. Ақан сері – Нұржан Орынбасаров;
6. Біржан сал – Ердос Рақымбеков;
7. Дина Нұрпейісова – Ғани Жұмабаев;
8. Қазанғап Тілепбергенұлы – Тілеулес Құрманғалиев;
9. Сүгір Әлиұлы – Бақытжан Ділманов;
10. Есбай Балұстаұлы – Жолтай Барлықов;
11. Кенен Әзірбаевтың – Нарбек Оханов;
12. Домбыра (ортеке аспабымен) – Нұржан Ділманов;
13. Домбыра (ортеке аспабымен) – Еркебұлан Уалиев.

ҚР МОМ әкімшілігі шешімімен интерактивті-эксперименттік қордағы тарихи тұлғалардың домбыраларының көшірмелері мен ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраларының репрезентативті тізіміне енгізілген «Ортеке» аспабы музейдің «Қазақ

этнографиясы» залына орналастырылды. Осы арқылы көрермендердің ұлттық аспаптарға деген қызығушылығын өсіру мақсатында құрылған қор өз миссиясын атқарып жатыр деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТ

Жәкішева З.С. Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары. Алматы: «Алматыкітап баспасы» ЖШС., 2009. 232 б.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің 2, 3, 5 түсім кітаптары (ҚР MOM, ТК, №2, 3, 5).

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА). 1308-қор, 1-тізбе, 6-іс.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2-том. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Н.Әлімбаев. Алматы: «Алем Даму Интеграция», 2017. 848 б.

MUSEUM.KZ ғылыми-практикалық журнал. 1.1. 2023 г., 136 б.

Саз аспаптар коллекциясы. Ғылыми каталог. Алматы: «Балауса» баспасы, 2020. 304 б.

Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. Альбом. Алматы: «Жалын» баспасы, 1978 ж., 136 бет.

Қартаева Т.Е. Сыр-Арал этнографиясы. Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2022. 512 б.

уqlasmuseum.kz сайты

Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің 26.09.2023 хаты

Ықылас музейінің 27.09.2023 жылғы хаты.

Қосымша 1

Қосымша 2

Қосымша 3

REFERENCES

Zhakisheva Z.S. Qazaqtyn dastyrlı muzykalyq aspaptary. Almaty: «Almatykitap baspasy» ZHSHS., 2009. 232 p.

Qazaqstan Respublikasy Memlekettik ortalyq muzejiniń 2, 3, 5 tusim kitaptary (QR MOM, TK, №2, 3, 5).

Qazaqstan Respublikasy Ortalyq memlekettik arhivi (QR OMA). 1308-qor, 1-tizbe, 6-is.

Qazaqtyn etnografiyalyq kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhujesi. Enciklopediya. Vol. 2. Gylymi redaktor zhane zhoba zhetekshisi N. Əlimbaj. Almaty: «Alem Damu Integraciya», 2017. 848 p.

MUSEUM.KZ gylymi-praktikalyq zhurnal. 1.1. 2023 y., 136 p.

Saz aspaptar kollekciasy. Gylymy katalog. Almaty: «Balausa» baspasy, 2020. 304 p.

Sarybaev B. Qazaqtyn muzykalyq aspaptary. Al'bom. Almaty: «Zhalyn» baspasy, 1978 zh., 136 p.

Qartaeva T.E. Syr-Aral etnografiyası. Almaty: «Qazaq kitaby» baspasy, 2022. 512 p.

uqlasmuseum.kz sajty

Atyrau oblysy tarihi-ulketanu muzejinin 26.09.2023 haty

Yqylas muzejinin 27.09.2023 zhylygy haty.

Appendix 1

Appendix 2

Appendix 3

Автор туралы мәлімет: Харипова Рашида Ерімқызы – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі директоры, педагогика ғылымдарының магистрі, Алматы қ. <https://orcid.org/000-0002-2406-2658>

Сведения об авторе: Харипова Рашида Еримовна – директор Центрального государственного музея Республики Казахстан, магистр педагогических наук, г. Алматы. <https://orcid.org/000-0002-2406-2658>

Information about the author:

Rashida Y. Kharipova – director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan, Master of Pedagogical Sciences, Almaty. <https://orcid.org/000-0002-2406-2658>

Қосымша 1



**Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдығына орай
домбыра жасау шеберлері арасында ұйымдастырылатын
«Пернесінде сөйлейді ұлы дала» республикалық байқауының
Е Р Е Ж Е С І**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдығына орай домбыра жасаушы шеберлер арасында республикалық байқау өткізеді.

Байқау мақсаты:

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорын тарихи тұлғалардың домбыраларымен толықтыру және домбыра жасаушы қолөнер шеберлерін насихаттау. Ұлы тұлғалардың домбыраларының көшірмелерімен қатар музей көрермендеріне ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраларының репрезентативті тізіміне енгізілген «Ортеке» қазақ халық биі мен домбырада ойнауға арналған ерекше аспапты музейдің «Қазақ этнографиясы» залына орналастыру.

Байқау талаптары:

1. Байқауға ұлттық саз аспаптарын жасайтын қолөнер шеберлері арасында ұйымдастырылған халықаралық және республикалық байқаулардың I, II, III жүлделі орын алған дарынды шеберлер ғана қатыса алады.
2. Байқауға қатысушыдан келіп түскен өтінімге сәйкес арнайы жеребе суыру арқылы өзі жасайтын домбыраны анықтайтын болады. Сыйақы мөлшері мен жасайтын домбыра түрі осы жеребе суыру кезінде анықталатын болады.
3. Домбыраның сырт пішіні мен үні, безендірілулері түпнұсқа жәдігермен сәйкес болуы міндетті.
4. Байқау қорытындысы бойынша түпнұсқаға сәйкес жасақталған домбыра көшірмесін мінсіз жасаған шеберлердің туындысы музей қорына қабылданады. Сол арқылы аспап және оны жасаушы шебердің шығармашылық жұмысы кең көлемде насихатталатын болады.
5. Байқау қатысушысы жіберген өтінімге сәйкес байқауға қатысушыны байқауға қосу немесе қоспау туралы қосымша шешімді ұйымдастыру алқасы қабылдауға құқылы.
6. Жүлделі орын алған домбыра музей қорына қабылданады, қолөнер шеберіне кері қайтарылмайды.

Қатысу шарты:

1. Қатысуға ниет білдіргендерді тіркеу 2023 жылдың 10 ақпанына дейін жүргізіледі.
2. Іс-сапар шығындары қатынасушы есебінен төленеді.
3. Авторлар өзі жөнінде мәліметті толтырып mom.kz@mail.ru электронды поштасына жібере алады (тіркелу үлгісі бойынша).
4. Байқауға қатысушылардың жасына шектеу қойылмайды.

5. Байқау соңында шеберлердің қатысуымен шеберлік сағаты және жұмыстары бойынша көрме ұйымдастырылады. Шеберлердің шеберлік сағаты мен көрме ұйымдастыруы міндетті.

Марапаттау

Байқау жеңімпаздары ақшалай сыйақымен және естелік сыйлықтармен марапатталады. Байқаудың қорытындысын шығару уақыты мен көрме, шеберлік сағаттарын өткізу уақыты қосымша хабарланатын болады.

Тіркеу үлгісі

Аты-жөні (толығымен) _____
 Ғылыми дәрежесі, атағы _____
 Жұмыс орны _____
 Қызметі _____
 Жұмыс орнының мекен-жайы _____
 Телефоны (байланыс үшін) _____
 Электронды поштасы (байланыс үшін) _____
 Байқаулардан алған жүлделері:
 1. _____
 2. _____
 3. _____
 4. _____
 5. _____

БАЙҚАУ ҚОРТЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША АЛҒАН ЖҮЛДЕЛІ ДИПЛОМДАРДЫ ТІРКЕУ ПАРАҒЫНА ҚОСА ЖАЛҒАНУЫ МІНДЕТТІ.

Біздің мекен жайымыз:

Алматы қаласы, Самал-1 ықшам ауданы 44 үй,
 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі

Жауаптылар: Ұйымдастыру алқасы

Байланыс телефоны: 8 (727) 264-46-50, 264-49-11

Антропология және этнология
 бөлімінің аға ғылыми қызметкері



Тимур Болсынбек

Музейлік педагогика бөлімінің меңгерушісі



Сымбат Баккулова

Ғылыми қор сақтау бөлімінің жоғары
 дәрежелі қор сақтаушы маманы



Лаура Ибраева

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі



Заттарды тұрақты сақтауға қабылдау актісі № 1

Осы акт екі данада жасалды «15» 09. 2023 ж. заттарды тұрақты сақтауға қабылдау туралы ҚР Мемлекеттік орталық музейі атынан бас қор сақтаушы Ү.Ашимова қабылдады, ал қорды есепке алу бөлімінің жетекшісі А.Рахметова төмендегі музей заттарын тұрақты сақтауға тапсырды:


№	Заттың атауы және қысқаша сипаттамасы, материалы, техникасы және көлемі	Саны	Сақталуы	Құны	Шифр және нөмір	Фотосурет
1	Домбыра тұғырымен. Абай Құнанбайұлы домбырасының көшірмесі. Домбыра бүтін қызыл қарағай ағашынан ойылып, қақпағы (бетағашы) шыршадан жасалған. Үш ішекті, тоғыз пернелі қалақ домбыра. Сопақша пішінді шанағы сүйірленіп біткен. Үш құлақ ортанылып, қақпағында көлемі бірдей үш дыбыс шығаруға арналған ойықтары бар. Түбіне үш ішегі байланатын түйме ағаш бекітілген, тиегі бар. Тұғыры тікбұрыш пішінді, тегістеліп өңделген. Домбыраны қоюға арналған тіреуіші бар. Шебері – Аширов Толеуғазы Ахметкаримович. Ағаш, желкі, шеге. Жалпы ұз. 77 см, мойын ұз. 32 см, шанағы 33,7 см, шанақ қалыңд. 7 см, тұғыр ұз. 37,5, ені 17 см.	2	көрінерлік бүлінуі жоқ	300000 теңге	ЦМК ИЭФ 1/12	

Акт бойынша барлығы 17 (он жеті) сақтам бірлік музей заттары қабылданды.
(сан және жазумен)

Жалпы сомасы 3900,0 мың (үш миллион тоғыз жүз мың) теңге.
(сан және жазумен)

Негізі: қор-сатып алу (қор-іріктеу) комиссиясының 2023 жылғы 17 тамызындағы № 3 хаттамасы

Қабылдаған  Ү.Ашимова

Тапсырған  А. Рахметова

Интерактивті-эксперименттік қор жәдігерлері

1. Абай Құнанбайұлы домбырасының көшірмесі (домбыра ұзындығы 77 см, мойын ұзындығы 32 см, шанақ ұзындығы 33,7 см, шанақ қалыңдығы 4,2 мм, материалы қызыл қарағай, бет қақпағы шырша. 9 пернеден боялуы табиғи қынадан жасалып, жылқының қазы майымен сыланған), ЦМК ИЭФ 1/1,2.

2. Жамбыл Жабаев домбырасының көшірмесі (домбыра тұтас қарағаш ағашынан шауып жасалып, шегі ешкінің шегінен тартылған. Домбыраның ұзындығы 82 см, мойын ұзындығы 46 см, шанағы 26,6 см, шанақ ені 11 см, шанақ қалыңдығы 3 см), ЦМК ИЭФ 2.

3. Махамбет Өтемісұлы домбырасының көшірмесі (Шанағы ясень ағашынан, бет тақтайы шырша ағашынан, мойын ағашы мен бас ағашы қарағайдан жасалған. Құлағы мен тиегі қайың ағашынан, пернесі мен ішегі иірілген жібек жіптен жасалған. Домбыраның ұзындығы 92 см, мойын ұзындығы 47 см, шанағы 32 см, шанақ ені 15 см, шанақ қалыңдығы 7см), ЦМК ИЭФ 3.

4. Құрманғазы Сағырбайұлы домбырасының көшірмесі (шанағы қайың ағаштан, қақпағымен шанағының артқы жағы және қақпағы ұрғашы қарағайдан, құлағы қайыңнан, домбыраның пернесі 11, ішегі 0,7 мм, пернесі 0,6 мм, домбыраның ұзындығы 95 см, мойын ұзындығы 43 см, шанағы 42 см, шанақ ені 17 см, шанақ қалыңдығы 6см), ЦМК ИЭФ 4.

5. Ақан сері Қорамсаұлы домбырасының көшірмесі (шанағы қайың, бет қақпағы қарағайдан, пернесі және ішегі жібек жіптен, ұзындығы 85 см, мойыны 42 см, басы 10 см, шанағы 33 см, ені 17 см, шанақ қалыңдығы 4 см құлағы және тиегі қайың ағашынан жасалған), ЦМК ИЭФ 5.

6. Біржан сал Қожағұлұлы домбырасының көшірмесі (бет ағашы шырша, мойны және шанағы тұтас шабылған. Ағашы қарағайдан, домбыраның ұзындығы 103,5 см, мойын ұзындығы 57,5 см, шанағы 36 см, шанақ ені 15 см, шанақ қалыңдығы 5 см), ЦМК ИЭФ 6.

7. Дина Нұрпейісова домбырасының көшірмесі (шанағы қайың, бет тақтайы шырша, мойыны қарағай, мойын бет ағашы қайың, басы бук ағашы, домбыраның ұзындығы 95 см, мойын ұзындығы 47 см, шанағы 37,5 см, шанақ ені 18,5 см, шанақ қалыңдығы 9 см), ЦМК ИЭФ 7.

8. Қазанғап Тілепбергенұлы домбырасының көшірмесі (домбыраның ұзындығы 90 см, мойын ұзындығы 47 см, шанақ ұзындығы 35,5 см, шанақ ені 13,5 см, шанақ қалыңдығы 5см. Домбыра қайың ағашынан құралып, бет қақпағы шыршадан жасалған), ЦМК ИЭФ 8.

9. Сүгір Әлиұлы домбырасының көшірмесі (домбыра бет тақтайы мен шанағы престелген, қайың ағашынан жасалған. Домбыраның ұзындығы 90 см, шанағының ұзындығы 32 см, мойын ұзындығы 48 см, бет тақтайы шанақ ені 18 см, шанақ қалыңдығы 5,5 см, мойын ағашы қарағай ағашынан, бас ағашы қайыңнан, мойын жапсырмасы қайың ағашынан, құлағы мен тиегі қайың ағашынан, пернесі мен ішегі нейлоннан жасалған), ЦМК ИЭФ 9.

10. Есбай Балұстаұлы домбырасының көшірмесі (мойыны қарағай, қаптамасы қара граб, бас ағашы бук, шанағы бұйра қайың, бетағашы ангар қарағайы, ішегі нилон, бетіндегі ою сүйекпен әрленген, шпоны қара грабтан, домбыраның ұзындығы 98 см, мойын ұзындығы 52 см, шанағы 35,5 см, шанақ ені 14,5 см, шанақ қалыңдығы 10 см), ЦМК ИЭФ 10.

11. Кенен Әзірбаев домбырасының көшірмесі (домбыраның ұзындығы 86 см, мойын ұзындығы 44 см, шанағы 34 см, шанақ ені 18 см, шанақ қалыңдығы 4 см, домбыра шанағы 4x18x33,5 см. Шанағы жаңғақ, қақпағы қарағайдан жасалып сүйекпен, інжумен (перламутр) көркемделген. Басы бук 9 см. Бас мойынында «Кененге» деген жазуы бар, бояуы қызыл қоңыр), ЦМК ИЭФ 11.

12. Ортеке домбырасымен (домбыра ұзындығы 99 см, мойын ұзындығы 48 см, шанағы 40,5 см, шанақ ені 23 см, шанақ қалыңдығы 12 см, мойыны қарағай, қаптамасы қара граб, бас ағашы бук, шанағы бұйра қайың, бетағашы ангар қарағайы, ішегі нилон, бетіндегі ою сүйекпен әрленген, шпоны қара грабтан жасалған. Ортеке қойғышының үстіңгі диаметрі

110 см, асты 130 см, биіктігі 52 см, ағашы бук, қойғышы қошқар мүйіз өрнегімен әрленген, ортеке биіктігі 15 см, ұзындығы 9 см), ЦМК ИЭФ 12/1,2,3.

13. Ортеке домбырасымен (домбыра ұзындығы 93 см, мойын ұзындығы 48 см, шанағы 38 см, шанақ ені 18 см, шанақ қалыңдығы 7 см, ортеке қойғышының үстіңгі диаметрі 78 см, асты 93 см, биіктігі 51 см, ағашы бук, ортеке биіктігі 11 см, ұзындығы 10 см), ЦМК ИЭФ 13/1,2.